



УДК.330:001.895(574,5)

Мырзалиева Г.А.,
Шукеева М.

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

В данной статье дан краткий анализ передового опыта развитых стран в казначейской отрасли.

The short analysis of an advanced experience of the developed counties in treasury given in this article. It is necessary to accept optimal conditions of them for Kazakhstan.

Біздін еліміз жиырмасыншы ғасырдың сонында тарихтың қалауымен жоспарлы, қатан түрде орталықтандырылған, жекеменшік өндіріс пен қызмет көрсету саласы қалыптаспаған социалистік қоғамдық формациядан нарықтық капиталистік қоғамдық формацияға өтуге мәжбүр болды. Бұндай жағдайда елде экономикалық реформа жүргізілетіні белгілі. Экономиканың реформалануға тиісті саласының бірі – бюджетті қалыптастыруды, онын ішінде мемлекеттік қаржыны басқаруды да қайта құру қажеттігі туындалады. Осы кезде атаптап мәселемен айналысатын мемлекеттік орган құру қажеттігі де пайдада болды.

Қазынашылық – әр елдін өзінін тарихи қалыптасқан саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайына қарай мемлекеттік бюджетті жасаумен және оның атқарылуымен, мемлекеттік қарызыда басқарумен, мемлекеттік құнды қағаздар шығарумен, салықтар мен түсімдерді жинаумен, тағы басқа да түрлі экономикалық-қаржылық мәселе-лермен айналысатын мемлекеттік орган.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында құрылған қазынашылық институты бүгінде ның тұрған экономикалық саласын бірі. Бірақ, бұл барлық мәселе шешіліп қойды дегенді білдірмейді, керісінше олар аз емес, сондықтан ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік нарықтық озық тәжірибелі зерттеу, онын ішінен өз елімізде енгізуге онтайты, қолайлы саналатындарын алып пайдаға жаратада білу де кезек күттірмейтін қажет істін бірі.

Ұйымдастырушылық құрылымына қарай қазынашылық Франция, Жапония, Испания, Бразилия елдерінде қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімі болып табылады.

АҚШ-та (бұл елде премьер-министр жок, үкіметті президент өзі басқарады) қазынашылық президентке тікелей бағынады әрі салық және кеден басқармалары қазынашылық құрамына кіреді. Қазынашылық АҚШ-та негізінен үш қызметті атқарады: ішкі және сыртқы қаржылық саясатқа, салық саясаты мен мемлекеттік қарызыда басқару ісіне жауап береді. Қазынашылық мемлекеттік қаржы құралдары, құнды қағаздар шығару, салық және кеден бажын жинау арқылы, ұлттық банктердің ісін бақылау, ақша мен пошта маркісін шығаруды бақылау арқылы мемлекеттің қаржылық қызмет көрсету ісімен айналысады. Басқа елдерден ерекше айырмашылығы ол сондай-ақ президенттің, вице-президенттің, осы орынға үміткерлердің өзі мен олардың отбасын қорғаумен, жарылғыш заттар мен қару-жарактың сатылуына бақылау жасайды. Сондай-ақ 60-тан аса



федералдық ұйымдарда заннамалық бақылаумен айналысатын мамандар дайындаумен де шүғылданады. Қазынашылық үкіметтің банктік есеп-шотын, барлық түсімдер мен төлемдерді бақылап отырады. Ол бухгалтерлік есепке, мекемелер үшін нұсқауларды дайындауға және ай сайынғы есеп пен жылдық қаржылық жасау ісіне жауап береді. Бюджет дайындығына жауап беретін Әкімшіліктік-бюджеттік баскарма мен аудиторлық және есептік бірқатар қызметкес жауап беретін Бас бюджеттік-бақылау баскармасы арасындағы үйлесімділік жақсы жолға қойылған. Қазынашылық бюджеттік түсімдер бағамын дайындауды және макроэкономикалық негіздерді жасауға қатысады. Әкімшіліктік-бюджеттік баскарма шығыстар сметасын дайындауды және бюджетті бір жерге жинақтап президентке ұсынады, сондай-ақ департаменттер арасында есеп мәселесіне жетекшілік жасайды. Қазынашылық ақшалай ағындарды басқару ісін жүзеге асырады.

Занға сәйкес АҚШ Қазынашылығының Хатшысы жыл сайын Конгресске елдін қаржылық ахуалы жайлы есеп беріп отыруы туіс. Жүйелі түрде жасалып отыратын есептерге Қазынашылықтың күн сайынғы есебі, АҚШ-тың ішкі қарызы жайлы ай сайынғы есебі, АҚШ үкіметінін кірісі мен шығысы жайлы ай сайынғы есебі және айналымдағы ақша жайлы ай сайынғы есебі кіреді. Одан бөлек Қазынашылық федералдық үкіметтің қаржылық операциялары жайлы мәліметтен бастап шығарылған жинақ облигацияларының көлемі мен валюта қорының көлеміне дейінгі көптеген саланы қамтитын мәліметтер берілетін ай сайынғы бюллетенде шығарып тұрады.

Жапонияда қазынашылық қызметті Қаржы министрлігінің бюджеттік және қаржылық бюросының құрамына кіретін басқару бөлімі, қазынашылық бөлімі, қаржы бөросы мен бюджет бөлімі, бюджетті орында бөлімі, бюджет бюросының зан бөлімі арасында бөлінген. Қазынашылық бөлімі әр күнге дейін бөлінген қаржылық жоспар жасайды және бюджетті орындау бөлімімен бірлесе отырып Жапония банкіндегі мемекеттік есеп-шот бойынша түсімдер мен төлемдерді бақылайды.

Түсімдерді жинау ісіне Қажы министрлігінің бөлімдері болып табылатын Ұлттық салық қызметті мен Кеден департаменті жауап береді. Салықтарды Жапония банкіне, коммерциялық банктеге, пошта құрылымына және мемлекеттік салықты Басқару бөлімі мен Кедендік департаментке төлеуге болады. Министрліктер тұтынушылардың төлемі мен алымдарының жиналуды жауапты.

Бюджетті орындау бөлімі бекіткен төлем кестесі арқылы шығыс жоспарын орындауды. Бірнеше шығыс баптарты бойынша өткізу кестесі Қаржы министрлігінің қолдауымен тағайындалады. Жапония банкі бюджеттік және кассалық шектеулерді министрліктің талабы бойынша жүргізеді.

Жапонияда бағдарламалық тіркеуді министрліктер анықтайды. Зан шығарушы бөлім министрліктердің нұсқауын жасау әдістемелігі үшін жауапты. Тіркеудін екі жүйесі бар: біріншісін Жапония банкі атқарады, ол Қаржы министрлігінің агенті ретінде, екіншісін – министрліктер атқарады. Екеуі де ақшалы ассигнациялық есеп-шотқа сүйенген.

Францияда қазынашылық қызмет Қаржы министрлігіндегі Қазынашылық, бюджеттік министрліктер мен Мемлекеттік есептің бас дирекциясы арасында бөлінген. Шығыстарға байланысты бюджеттің орындалуын өзінің қаржылық бақылаушылары арқылы Бюджеттік директорат бақылайды. Қазынашылық бұл елде де ішкі және сыртқы қарызды басқарады, құнды қағаздар шығару мәселесімен айналысады. Түсім үшін Кіріс және Кеден директораттары жауапты.

Бастауын 1066 жылдан алғашын Ұлыбританияда қазынашылық – дербес ведомство. Ол бюджетті басқарады, бүкіл экономикалық саясатты бақылайды, тек тексеру қызметі ғана тікелей парламентке есеп беретін Ұлттық тексеру баскармасының құзырында. Қазынашылық мемлекеттік қарызды басқарады, мемлекеттік құнды қағаздар шығарады, Англия банкі үшін инфляция деңгейін белгілеп отырады, Орталық банкідегі ен жауапты қызметкерлерді тағайындауды, бас қазынаши есеп-шоттарды тіркеу және ондеге ісін жүзеге асырады.

Бюджет ішкі салық қызметті мен кеден арқылы жиналады, тұтынушылар түсімімен министрліктер айналысады. Шығыс пен кірісті тепе-тен ұстау үшін Қазынашылық ай сайын қаржы жоспарын жасап отырады, шектеулер арқылы мемлекеттік кәсіпорындардың сыртқы қаржыландыруын қадағалайды және олардың қаржылық активтерінің ұстаушысы болып табылады.

Жоғарыдағы үш елдей емес, федералды мемлекет болғандықтан Германиядағы қаржыны басқару жүйесі тым қаты орталықтандырылмаған. Қаржы министрлігі түсімдердің түсінде, жұмсалуын да, оның ішінде федералды үкімет шығынын да бақылайды. Түсімдерді бақылауды ол бірлескен комиссия арқылы өнірлік үкіметтермен бірге іске асырса, Экономика министрлігімен бірге экономикалық саясатқа жауап береді.



Австралияда қазынашылық - құрамына салық баскармасы кіретін министрлік деңгейіндегі департамент. Бұл елде мемлекеттік қарызға қатысты төлемдер мен түсімдерді жинауды қазынашылық, бюджетті орындауға байланысты төлемдерді Қаржы министрлігінін қаржы департаменті бақылайды. Шығындарды Қаржы департаменті бақылайды, ал қазынашылық макроэкономикалық саясат үшін жауапты.

Бұл елдердің барлығында жұмсалатын шығындардың қазынашылық бақылауы орталық банктегі ортақ қазынашылық шот арқылы жүргізіледі, ал салалық министрліктер мемлекет қаржысын пайдалану жайлыш шешім қабылдайды, қазынашылық соңғы төлемдер мен есеп үрдісін басқарады.

Бұл мемлекеттердің барлығында да қазынашылық өзінін басты міндеттін – мемлекеттік қаржыны басқаруды оңтайланыруды көптеген қызметтерге беле отырып атқарады. Олардың бастылары:

- қолма- қол ақшаны басқару;
- қысқа мерзімдік қаржылық жоспарлау;
- мемлекеттік қарызды басқару;
- қаржы активтерін басқару;
- бюджеттік шығын – кірістін орындалуы;
- бухгалтерлік есеп;
- ішкі бақылау және аудит.

Қазынашылық жұмысында бұл аталған негізгі міндетті іске асыруда, өсіреле бүгінгі заманда дәл және толық мәліметтердің уактылы түсіп тұруын қамтамасыз ететін ақпарат жүйесінін алар орны айрықша.

Англияда мемлекеттік қаржылық ақпарат жүйесі Қазынашылық құрамында. Түсімдерді тіркеу автономды түрде жүргізіледі. Министрліктер осы жүйемен тығыз байланыстағы өз жүйелерін ұстайды.

Жапонияда екі ақпарат жүйесі бар. Олар бюджетті, оның құжаттарын дайындау, бюджетті орындау және бухгалтерлік есеп ісі кезінде қолданылады. Бұл жүйелер Қаржы министрлігінін деңгейінде тоғысады және оларды дайын ету мерзімі есептің күрделілігіне байланысты. Кассалық операциялар бойынша тоғысқан ақпарат күн сайын дайындалады. Францияда қазынашылық, ал Испанияда қазынашылықтың Бас директораты қаржы ағынын Орталық банктегі мемлекеттік есеп-шот арқылы бақылап отырады. АҚШ қазынашылығы бақылауды қазынашылықтың бас есеп-шоты және мемлекеттік банктік есеп-шоттар арқылы қадағалап отырады.

Бұл қысқаша шолуды қорыта келе күнделікті дамып отыратын тірі организм болып табылатын қазынашылық жұмысын алға апаруда әлемдік озық тәжірибелі зерттеп қана қоймай, оның оңтайлы жақтарын үнемі қолданысқа енгізіп отырсақ көздеңген нәтижеге тезірек жете аламыз.

Әдебиеттер:

1. Комсова В.Т., Осьмовой М.Н. Мировая экономика, экономика зарубежных стран. – Москва, 2000. – С. 220.
2. Ермекбаева Б.Ж., Арзаева М.Ж. Штат мемлекеттер салықтары. – Алматы, 2004. – 32–36 б.
3. Князева В.Г., Черника Д.Г. Налоговые системы зарубежных стран. – Москва, 1999. – С.154 .
4. Погорлецкий А.И. Экономика зарубежных стран. – Москва, 1999. –С.230.
5. Байгерев М. Великобритания: реформированиеластной вертикали // Человек и труд. – 2002. – № 1. – С.21–25.